«Сейфуллин оқулары - 11: Жастар және ғылым» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения - 11: Молодежь и наука». – 2015. – **Т.1, ч.2**. – С.214-215.

# ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ – ӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДЕРДІҢ ЫҚПАЛЫНДАҒЫ АЙМАҚТА ЖЕР ПАЙДАЛАНУШЫЛЫҚТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

***Турмағанбетова А.Ш.***

Қала мен қала маңындағы аймақ әлеуметтік – шаруашылықтық және қала құрылысының біртұтас жүйесін құрайды. Қала маңындағы аймақ қалаға жақын орналасқан әкімшіліктік аудандардың, ауылдық елді мекендердің жер пайдаланушылықтарының жиынтығы. Жобалық халық саны жүз мың және оданда астам қалалардың қала маңындағы аймақтарының жер пайдалану-шылықтары облыстың немесе оған жақын орналасқан аудандардың жерге орналастыру схемасымен біртұтас жобалық кешенде ұйымдастырылады. Қала маңындағы аймақтардың жер пайдаланушылығын қалыптастыру келесідей мақсатпен жүзеге асырылады: біріншіден, қала мен ауыл халқының әлеуметтік қажеттіліктерін толық қанағаттандыруды ескере отырып, қалаға жақын жатқан территорияға құрылыстың барлық түрін орналастыру кезінде жер пайдаланушылық жүйесін қалыптастыру және жер қатынастарын реттестіру; екіншіден, қазіргі кездегі нарықтық жағдайларда ауылдық жерлерде тұрақты жер пайдаланушылықтарды құру және жерге меншік түрін ескере отырып, құрылыстан бос жерлерді экономикалық тұрғыдан тиімді пайдалану; үшіншіден, жаңа елді мекендерді және қалалардың дамуын ұйымдастыру; төртіншіден, бұрыннан бар жасыл аймақты және жаңаларын ұйымдастыру; бесіншіден, қаламен байланысты өнеркәсіп кәсіпорындарын, қоймалар шаруашылығын, транспорттық қондырғыларды орналастыру; алтыншыдан, қалаға және қала маңындағы аймаққа қызмет көрсететін сушаруашылықтық қондырғыларды, электр желілерін және басқа байланыстарды орналастыру; жетіншіден, ауылшаруашылығы өндірісінің жер қорын дамыту.

Осыған байланысты қала маңындағы аймақтың жер пайдаланушылық-тарын ұйымдастырудың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- оның территориясына қаланың болашақта дамуына сәйкес, онымен тікелей байланысты әртүрлі құрылыс объектілерінің жер пайдалану-шылықтарын орналастыру;

- қала маңындағы аймақтың тұрғындарын қоныстандыру және қала халқының саяжайларының жер пайдаланушылықтарын қалыптастыру;

- қала мен оның маңындағы жасыл көшеттер жүйесінің негізгі мақсатын ескере отырып, денсаулық сақтау мақсатында қала айналасына жасыл белдеу құру;

- қала мен оның маңындағы халықтың жаппай демалу аймағын ұйымдастыру;

- оның шеңберінде орналасқан барлық елді мекендердің болашақта дамуын және олардың ауылшаруашылық, әсіресе тез бұзылатын және тасымалдауға қиындық келтіретін өнімдерге деген қажеттіліктерін қанағаттандыруды ескере отырып, ауылшаруашылық алаптарын тиімді пайдалану.

Қала маңындағы аймақтың шекарасы қаланың өлшеміне, жергілікті жағдайларына, жер бедеріне, су көздерінің орналасуына қарай анықталады. Оның құрамына ең алдымен, қаланың тұрғын үй, ғылыми, қоғамдық және басқа мекемелер құрылысына бөлінген жер учаскелері, жаппай демалыс орындарының аймақтары, жасыл белдеулер, бұрыннан бар және жаңадан салынатын кәсіпорындардың учаскелері, көкөніс-сүт өнімдерін өндіру және қайта өңдеумен айналысатын ауылшаруашылық кәсіпорындар мен ұйымдардың жер пайдаланушылықтары, сонымен қатар қаланың транспорт және байланыс, су, электрмен жабдықтау қондырғыларының жерлері кіреді.

Қала маңындағы аймақтың жерлерін пайдалану қала құрылысы және жер заңдылықтарымен реттестіріледі. Оның жер пайдаланушылығын қалыптастыру жобасы ең бірінші кезекте және жобалық кезеңде жер пайдаланушылықтарды абаттандыруды және құрылысты жоспарлауды қарастырады. Оны әзірлеуде қала маңындағы аймақты жерге орналастыру схемасы қолданылады.

Қала маңындағы аймақтағы жерге орналастыру схемасы қалаға және қала маңындағы аймаққа қызмет көрсететін демалыс орындарын, өндірістік және басқа инженерлік қондырғыларды орналастыру, бұрыннан бар және жаңа қалаларды жоспарлау, шаруа қожалықтарының және ауылшаруашылық кәсіпорындарының жобаларын әзірлеудің негізі болып табылады. Жобалар облыс немесе аудан территориясын жерге орналастыру схемасымен және қаланың бас планымен келістіріліп әзірленеді. Ғалымдардың пікірінше 1 млн. астам тұрғыны бар қаланың қала маңындағы аймағының радиусы 50 - 60 км, 500 мыңнан 1 млн. дейін – 40 км, 250 мыңнан 500 дейін – 30 км, 100 мыңнан 250 дейін – 20 км құрайды екен [4].

Қала маңындағы аймақтың жер пайдаланушылықтарының межелері қаланың өлшемі мен болашақта дамуына, табиғи жағдайларға, қала халқының басқа елді мекендерде еңбек етуіне, әртүрлі мақсатта пайдалануға үшін қажетті территорияға байланысты анықталады.

Территориялық - өнеркәсіптік кешендер жағдайында қала маңындағы аймақтың жер пайдаланушылықтарының межелері жалпы территорияның дамуын реттестіруді қамтамасыз ету үшін, агломерацияның межелерімен байланыстырылуы тиіс.

Қала маңындағы жер пайдаланушылықтардың функциясын аулдық елді мекендерде, оларға жақын жатқан ауылшаруашылық алаптарының, су қоймаларының, ауылшаруашылықтық және басқа кәсіпорындар учаскелерінің территориялары орналасқан ауылдық округтердің сыртқы межелері орындайды.

Ауылдық округтардың сыртқы межелері олардың негізгі аймақтарымен тығыз байланыста болады және шағын территорияны алып жатады. Елді мекеннің өлшемдеріне және жергілікті жағдайларға байланысты сыртқы аймақ жеке учаскелерден құралуы немесе айнала белдеу ретінде қалыптасуы мүмкүн.

Ауылды елді мекендердің сыртқы аймағының құрамына әртүрлі мақсаттағы территориялар жатады. Олар: ауылшаруашылықтық алаптар, ауылшаруашылықтық, өнеркәсіптік және басқа кәсіпорындардың учаскелері, жеміс жидек бақшалары, су қоймалары, шаруа қожалықтарының жайылымдық және шабындық жерлері, демалыс орындары, жолдар жүйесі, орталық елді мекеннің дамуына қажетті жерлер.

Ауылдық елді мекендердің межелерін жерге орналастырудың негізігі мәселелері елді мекендердің межелерін анықтау жобасы бойынша шешіледі. Олардың межелері табиғи ландшафттық жағдайларды, көршілес жер пайдаланушылықтардың және басқа ауылшаруашылық кәсіпорындардың межелерін, қабылданған территориялық-әкімшіліктік бөлуді ескере отырып, қазіргі кездегі жер заңдылықтарының негізінде анықталады.

Әдебиеттер тізімі

1.Специализация пригородного сельского хозяйства. Под ред. А.Р.Глазуна. М., Колос, 1976

2.Гендельман М.А., Воробьев И.П., Мауль Я.Я. Продовольственная зона территориально-промышленного комплекса, Алма-Ата, Кайнар, 1987

3.Варламов А.А. Организация территории сельскохозяйственных землевладений на эколого-ландшафтной основе: Учеб. пособие /Государственный университет по землеустройству. М., 1993

4.Хауке М. О. Пригородная зона большого города /М., 1960.

5.Воробьев И. П. Экономическое обоснование размещения сельскохозяйственного производства в пригородной зоне /Целиноград, 1982

6.Turchin, P. 2003b. Evolution in population dynamics. Nature 424:257–258